

Астана қаласы әкімдігінің
«№ 2 өнер мектебі» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны



Тақырыбы: «КҮЙ КҮМБІРІ»

(ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ)

«Музыка бөлімінің халық аспаптары сыныбы»: Домбыра
Педагог: Ишанкулов Б.К.

Астана қаласы

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
I- бөлім Қазақтың күй өнері	4
1.1. Күй – халықтың асыл қазынасы.....	4
1.2 Күй-шығарма көркемдігін іске асыру жолдары.....	5
II-бөлім. Әдістемелік бөлім	7
2.1. Домбыра аспабында кәсіби орындаушылықты дағдыландыру үшін репертуар негізін қалыптастыру.....	7
2.2. 4 сыныпқа арналған күйлер үлгілері	11
Қорытынды.....	21
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	22

Kіріспе

Әр бір елді әлемге танытатын – оның ұлты, тілі, мәдениеті. Ұлы қазақ халқының қасиетті киелі домбырасын бүгінгі таңда білмейтін, шанағынан шыққан күйді естімеген, тыңдамаған мемлекет кемде кем. Домбыра – ерте заманнан бері халқымызбен бірге жасасып келе жатқан, оның рухани жан серігіне айналған музыкалық аспаптардың бірі. **Домбыра** – қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар, алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра, кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Соңғы жылдары музыкалық оқу орындарында домбыра үйрету бағдарламалары қазіргі уақыт талабына сай жаңартылып, толықтырылуда. Домбыра репертуары әр ел композиторларының шығармаларымен молайтылып, аспаптың орындаушылық мүмкіндігін де арта түсуде. Дегенмен де күй шертудің дәстүрлік ерекшеліктерін, ұлттық бедер нақышын өз қалпында сақтауға барынша көңіл бөлуде. Күні бүгінге дейін домбыра тартуды үйрету мен оқытуда Л. Хамиди мен Б. Ғизатов «Домбыра үйрену мектебі», Х. Тастановтың «Алғашқы домбыра үйрену мектебі», Ө. Спанов «Домбыра үйренейік», А. Жайымов С. Бүркітов Б. Ысқақов «Домбыра үйрену мектебі» атты кітаптары музыкалық оқу орындарының студенттері мен оқушылары үшін негізгі құрал, басты бағыт бағдар болып келсе, қазіргі таңда Т. Қышқашбаев «Домбыраға арналған оқулық», Қ. Тасбергенов «Жақсыдан шапағат», Б. Нұржанов «Домбыраға арналған педагогикалық репертуар» т.б оқулықтар алдыңғы буын ұстаздар методикасының жалғасын тауып келеді. Кішкентай шәкірттермен жұмыс істеген қызық қой. Олар алғаш сабаққа үлкен қызығушылықпен, сеніммен келеді. Алғашқы сабақ кезінде шәкіртті орындыққа отырғызып домбыраны ұстату, оның құрылысын, қолды дұрыс қою, нота жаттату, нота ұзақтылықтарын үйрету барысында шәкірттен көп шыдамдылық пен төзімділікті қажет етеді, осы кезде оқушы тез арада домбыраны тартып, күй үйреніп ала алмадым деген ойымен домбыраға қызығушылығы азаюы мүмкін. Бұл әдістемелік құралда кішкентай орындаушыларға шығарманы тез жаттауға, оларды жалықтырып алмауға бағытталған. Осы орайда күйсандықтың сүйемелдеуімен орындалатын әуенді шағын шығармалар – оқушыға дайындық барысында: музыкалық әуенді, ырғақты, ансамбльдік бірін-бірі сезіну, есту, есте сақтау сияқты қасиеттерді жан-жақты түсіндіріп, нақышына келтіріп ойнауға үйрету – менің алға қойған мақсатым.

I. Қазақтың күй өнері

1.1. Күй – халықтың асыл қазынасы

Күй – қазақ халқының рухани асыл қазынасы. Қазақта күйшілік өнердің сан ғасырлық даму тарихы бар. Қазақ халқының аспаптық музыкасы, соның ішінде домбыраға арналған күйлер – ең жоғары кәсіби өнеріміздің бірі. Бізге жеткен күйлердің әуен ырғағы, тақырыбы мен мазмұны халықтың көкейкесті ой-арманынан туған. Ал, халық күйшілері сол күйлерді сақтап, келесі ұрпаққа жалғастырып отырған. Қазіргі домбыра үйрену әдістемесі ғасырлар бойы қалыптасқан күй үйрену тәжірибесінің қағидаларымен тығыз байланыста болуы керек. Халық күйшілері қалдырған күй үйрену тәжірибесінің негіздерін жинақтап, қазіргі домбыра үйренудің жүйелі әдіс-тәсілдерін жасап, домбыра үйренудің болашақтағы бағыт-бағдарын анықтап алуды өмірдің өзі талап етіп отыр. Ең бастысы – бұрынғы халық күйшілерінің күй үйрену тәжірибесінен адасып қалмау. Оқытушы болашақ домбырашы дайындау барысында сабақ беру методикасы жүйелі түрде, жоғары кәсіби деңгейде болғанын мақсат етеді. Сабақ барысында ең алдымен назарға алынатын мәселе: домбыра шәкірттің жас шамасына, дене құрылымына сай болу керек. Яғни домбыра тым кішкентай немесе тым үлкен болса оқушының саусақтары жетпей домбыраны алдынан қарап, домбыра кейін қарай кетеді, бұл дегеніміз баланың омыртқасының қисаюына әкеліп соғады. Аспаптың қолайсыздығынан отырыста көптеген қате кетеді, дыбыс сапасы да бұзылады. Оқушы отырысында кездесетін кемшіліктер көбінде домбыра үлкен болғаннан басталады.

1. Домбыра үлкен болса ол бала пернені алдынан қарайды.
2. Пернені алдынан қараймын деп домбыраны кейін қарай тартады.
3. Домбыра шанағы үлкен болса сол шынтақ көтеріледі.
4. Сол шынтақ көтерілгенде сол иық көтеріледі.
5. Шынтақ иық көтерілсе білезік буын көтеріліп, қағыс салмақсыз қағылып сапасы болмайды.
6. Сол қол саусақтар домбыраға толық қойылмайды – кейін ысырылады, бұл дұрыс баспағанмен тең.
7. Төменгі ішектегі әлсіз дыбыстар осыдан шығады.
8. Бармақтың пернеден аса бүгілуі.
9. Оң аяқ төмен түседі.
10. Оң шынтақты домбыра түймесіне тіреп төмен ұстайды.
11. Оң қол білезік буын көтеріледі.
12. Салмақтың бәрі шынтақта қалады.
13. Домбыраның басы сол иықтан көтеріледі.
14. Отырысы бұзылады.

15. Оқушының оң жаққа қисаюы, омыртқа жүйесі дене бітімі бұзылуына әкеп соғады.

Сондықтан ең тиімдісі: шақ орындық, сиымды шанақ, лайық – сапты домбыра. Сол үшін ұстаз үнемі оқушының отырысына мән беріп қадағалап, кемшіліктердің алдын алып отыруы міндетті. Осы кемшіліктерді алдын алуға қажеттісі – арнайы аспап (колледж, мектеп), машықтану (студент пен оқушы), орындаушылық тәжірибе т.б

1.2. Күй-шығарма көркемдігін іске асыру жолдары

Шығарма күйдің музыкалық көркемдік тұрғысынан үйрету үшін бірден оның нотасын толық саралау, қиын жерлерін барынша игеру, автордың ойын, шығарманың мазмұнын дұрыс түсіне білуге тырысқан жөн. Шығарма мазмұнына байланысты орындау әдістерін талдау, дамыту керек. Сабақта жаңа шығарма үйренгенде оны бөлшектемеген жөн, тұтас басынан аяғына дейін бірнеше рет қарап барып, бөлшектеп саралау қажет. Ал оның орындау әдістерін саусақ кестесін, қағыстарын, қиын тұстарын игеріп болғаннан кейін түгелімен орындау керек. Осылайша қолға алынғанда ғана шығарма күйді белгілі бір мезгілде үйреніп меңгеруге болады. Әрбір шығарма күйде техникалық қиын жерлері кездеседі. Мұндай жағдайда ұстаз шәкіртке жаттығулар береді. Бұл жаттығулар шығарма күйдің қиын жерлерін игеруге көмегін тигізе алатындай болғаны жөн. Жаңа шығарма-күй үйрену кезінде шәкіртті өз қатесін өзі жөндеуге және мейлінше қатесіз орындауға, тәсілдерін нақты үйренгену дұрыс үйрету керек. Егер шәкірт шығарманы қате жаттап алса, онда оны түзеуге қиын болады. Шығарма, күйді бірден жаттауға тағы болмайды, өйткені орындаудағы кемшіліктер мен шығарма нотасын үйренудегі қателер көбінесе шығарманы әлі толық түсініп үйреніп болмай, жатқа орындағандықтан шығады. Нотамен жиі қарауды талап ету керек. Тек сонда ғана жаңа шығарманы мазмұнына сай, оның техникалық орындаушылық тәсілдерін ойдағыдай меңгеріп үйрене алады. Ал қиын шығарма күйді бөліп бөліп жаттап, тек содан кейін түгелдей қосып орындаған қолайлы.

Шығарма-күймен жұмыс жасау

Күй және шығармамен жұмыс – мамандық сабағының негізі, әдістермен әдістемелік шаралардың бар арнаға топтасуы. Оқушылар жылына жоқ дегенде 15 күй, 6-7 шығарма орындауға тиіс, конкурстарды есептемегенде. Домбыра үйретуде барлық репертуарды білу – әр ұстаздың міндеті. Күйді шығарманы үйрете бастағанда жалпыға бірдей заңдылықтар бар.

1. Репертуар оқушының жас шамасына сай болу керек.
2. Міндетті түрде шығарма жөнінде мағлұмат беру керек(жаныр, стиль)

3. Композитор қақында түсініктеме(өмірі, өмі сүрген уақыты, шығарманың қағидасы)
4. Қиын тұстарына алдын ала жаттығулар, алыс перне аралықтары (скачект.б.)
5. Жәй екпінде нотадан оқу(көзбен жобалау, алыс перне аралықтарын анықтап алу, динамикалық жобаларын анықтау, саусақ кестесі, қағыс қарымы, позиция жоспары)
6. Бірден жаттауға тиім салу.
7. Екпінді өз дәрежесіне жеткізу.
8. Артикуляциялық белгілерін іске асыру.
9. Дыбыс тазалығын ұйымдастыру.

Шығарма күймен жұмыс жасағанда әуелі шығарманы талдаймыз.

1. Шығарма және оның авторы жөнінде жалпы деректер: Композитордың өмір жолы, шығармашылығы жөнінде мәлімет, өмір сүрген жылдары, негізгі шығармалары, шығармашылығына шолу жасау.
2. Музыкалық теориялық талдау: Шығарманың мазмұн болмысы, идеясы, образы, негізгі ойы, көркемдеуші ой жүйесі, оның элементтері, шығарма күрделі болса оның бөлімдері, шығарма болмысы, тақырыбы. Шығарма күйдің формасы, 1, 2, 3. Тональдығы, өлшемі. Әуеннің табиғаты, тақырыбы, әуендік құрылымы, (жәй, біртіндеп, секіrmелі, хроматикалық жүйесі, қиын дыбыс аралығы – септима т.б). Сүйемелдеушімен арақатынасы жұмысы, Ырғақтың ерекшелігі, ауысуы, ақсақ (синкопа), іркіп (пунктир), паузаны сақтау т.б. Ладтың ерекшеліктері ауысу, ауытқу, т.б.
3. Шығармаға техникалық талдау: Қағыс түрлері (шертпе, төкпе), аймақтық ерекшеліктер, тербеліс түрі (білек, иық, білезік). Сол қол оң қол маңызы. Қағыстың дыбысталу мазмұны (легато, стаккато, нон легато, қысқа, ұзын, т.б.). Өрнектер (форшлаг, мордент, группетто, трель, глисандо флажолет түрлері т.б.)
4. Орындаушылық талдау: Шығарманың әсерлік түйіні – мазмұны. Музыкалық мәнерлік әдіс амалдар (екпін, бояу, иірім, шарықтау шегі, ою-өрнектері).
5. Ұстаздық талдау: Негізгі музыкалық шеберлік және орындаушылық тұрғысындағы мақсаттар оны іске асыру жолдары.

Шығарма күйді орындап үйренуді әр түрлі сатыға бөлуге болады.

1. Жалпы түсініктеме
2. Шығарманы басынан аяғына дейін орындап шығу. Бұл кезде шығарманың жалпы болмысымен танысады.
3. Өте жәй орындап , әр бір сөйлемді талдау.
4. Қиын жерлеріне көбірек тоқталу.
5. Қол қимылына жаттығулар беру.
6. Оны игеру жолдарын түсіндіру.

7. Ырғағымен әуенін бұзбау.
8. Шығарманы үйренуде саусақ кестесін дұрыс пайдалану.
9. Аппликатураны өзіне қойдырып уйрету, жаттықтыру.
10. Позицияна дұрыс пайдалану, бөле білу.
11. Тұтас игерумен қатар динамикалық белгілерді игеру.
12. Дыбыс сапасына жұмыс жасау.
13. Қағыс табиғатын саралау.
14. Ырғақты дұрыс ұғыну.
15. Шығарма күйдің сипатын бірден байқауға үйрету.

Жалпы күй шығарма таңдағанда шәкірттің жанына жақын шығармаларды ұсынып, оларды баяу екпінде орындатады. Шығарма күйлер барлық жағынан күрделеніп, өсу жолына кідіріс жасамай, жоғары орындаушылық дәрежеге жету керек. Шығарма-күй орындағанда бабына келтіріп тамылжыта, теберене орындау көркемдік мәнін жеткізе алғаны. Осы орайда халық әндерімен билерін домбырада орындап, орыс-батыс классиктерінің, қазақ халқының композиторларының арнайы шығармалары репертуарда болғаны жөн. Жан-жақты домбырамен шығарма күйлер орындатып, жоғары деңгей күйші дайындаудың мүмкіндігіне осылайша жетуге болады.

II. Әдістемелік бөлім

2.1. Домбыра аспабында кәсіби орындаушылықты дағдыландыру үшін репертуар негізін қалыптастыру

Елімізде музыка өнері кең дамып, домбырада ойнау өнерінің шеберліктері артуда. Бұл істе Республикамызда арнайы музыкалық мектептерде, орта, жоғары оқу орындарында өтілетін халық аспаптар класының маңызы зор.

Күй өнерінің орындаушылық шеберліген қатар, күй сандықтың (фортепиано) сүйемелдеуімен дүние жүзі халықтарының шығармаларын орындауда үлкен жетістіктерге жетіп отыр. Бұл домбырашының басқа елдердің музыка мәдениетімен жақын танысуына ой өрісінің жан-жақты дамуына ықпал жасап келеді.

Құралда П.И. Чайковскийдің Орыс биі, Кұрманғазының, Н. Тілендиевтің, С.Мухамеджановтың, Б.Нуржановтың күйлерін күйсандықтың сүйемелдеуімен енгізіліп отыр. Жинақтары шығармалар орындаушы музыканттар үшін лайықталып, домбыраның өзіне танымал ыңғайлы тональдықтарға түсіріліп жүйеленген.

Осыған орай шығармаларды орындауда қысқаша методикалық нұсқаулар енгізіліп. Шармаларда аралас метрлер мен өлшемдер, әртүрлі қағыстар мен штрихтер жиі кездеседі.

Мысалы: Б. Нуржанов "Нартай" (поэма)

Күйсандықта жазылған триоль ТЛ нотасын 4-3-2-ші саусақтармен бірінен соң бірін тізбектей отырып 3-ші саусақпен сегіздік нотаны ойнағанда күйдің ритмі шығады.



Домбырада треоль м 6 V п п нотасы сұқ саусақ, бас бармақ, сұқ саусақпен жоғары қағыс, сегіздік ноталарды сұқ саусақпен төмен қағыс ойнау керек.



Н.Тілендеиівтiң «Аққу» күйiнде мына белгi қос iшектi саусақтармен бiрiнен кейiн бiрiн тiзбектей қағу арқылы ойналады



Форшлаг (нем. Vorsh-lag - соққы алдында) негізгі

дыбыстан бұрын жазылып сонын есебінде орындалатын

өрнек Флажолет (фр. Flageolet Ысқыруық флейта)

Ішекті аспаптарда алынатын ысқырыққа ұқсас жеңіл дыбыс

0, - Мына тактілерді ре нотанын үстіне қойылған флажолет –

0 белгіні қағыстан кейін сол қол саусағын ішекке жеңіл ғана тигізіп қалу арқылы

орындайды.



Этюд- орындаушының техникасын арттырып шеберлігін шындау үшін арнайы жазылған шығарма. Домбырада этюдттер әр түрлі позицияда жазылып, әр түрлі штрихтарда ойналады.



Шартты белгілері

П - төмен қағыс

V - жоғарғы қағыс

П- бас бармақпен ойнау

+ үстіңгі шекте ойнау

0-флажолет белгісі қағыстан ішекке жеңіл ғана тигізіп қалу арқылы ойнау

: - қос ішекті саусақтармен бірінен кейін бірін тізбектеп қағу арқылы

ойналады.

Музыкалық екпіндер

Adagio - асықпай, жай.

Andante - баяу, асықпай.

Moderato - орташа, ұстамды.

Legato - байланыстыра, үзбей ойнау.

Allegretto - жүрдек.

Vivo - тезірек.

Allegro - тез.

Presto — өте жылдам.

A tempo - алдыңғы екпінді қайталау.

Tempo - бастапқы екпінді қайталау.

Музыкадағы динамикалық белгілер

Piano - ақырын.

Pianissimo - пианисимо

Forte - қатты (дыбыс)

Fortissimo - фортиссимо

Mezzo piano - меццо-пиано

Mezzo forte - меццо-форте

Crescendo - крещендо

Diminuendo - диминуендо

Forzando - сфорцандо

2.3. 4-сыныпқа арналған күйлер үлгілері

1- сабақ. Халық күйі «Көк дөнен»

Мұңғұл мен қазақ арасының дау-шары бір кездері асқынып соғысқа айналыпты. Бұл соғысқа көк дөненин мініп, бала Жәнібек те шығады. Хан Абылай мұны көрсе де, бетінен қақпапты. Сұрапыл соғыс бастала сала-ақ, қарсы жақтың күші басым келіп, Абылай жақ ығысып қашқан екен. Қалың

айғай-сүрен, у да шудың ішінде жүрген Жәнібек бір кезде Абылайдың артта қалып қойғанын аңғарып, жау жаққа қайта ұмтылыпты да, Абылайды ұтылап, қаумалап жүрген жауға араласып кетіпті. Жаудың бірталайын жер құштырып, бетін бір қайтарып жіберіп, Абылайға келіп, көк дөненин көлденең тартып:

- Қашып құтылыңыз, жаумен мен айқасамын! — депті. Абылай намыс көріп, көк дөненге мінгісі келмепті. Сонда Жәнібек ызаланып:

- Басыңды жауыңа алдырғанша, өзім алайын! — деп қылышын суырып алған екен. Абылай амалсыз көк дөненге мініпті.

Жәнібек Абылайдың атымен қайта соғысқа шығып, жауды қанға тоғытып, бетін қайтарыпты.

Жаудың беті қайтқан соң Жәнібек бір кезеңге шығып, атын қаңтарып тастап, демалайын деп ұйықтап қалады. Қайтып барған Абылай тобының ішіндегі керейдің бір шалы, Жәнібектің қайтып келмегенін біліп, іздеп шығады. Шал Жәнібек жатқан маңға келгенде атын қаңтарып тастап ұйқыда жатқан Жәнібекті көреді. Шал Жәнібекті оятып, ахуалды оған айтады да, топқа бастап кетеді. Бұл кезде ордадан Абылай да «көк дөненин берген баланы қайта көремін» деп кузау салып жатқан кезі екен. Осы кездің үстіне Қабанбай келіп ханға үш талап қойған екен.

Сондағы үш талабы мынау екен: оң тізесінен орын беру; ол болмаса, асық жіліктің басын ұстатып бала қылып алу; ол да болмаса, қолында ұстап туын беру. Сонда Абылай тұрып:

- Оң тіземе отырғызып уәзір етсем, халық не дейді? Ал асық жіліктің басын ұстатып бала қылып алғаныммен кісі баласы кісіге бала бола ма? Ең дұрысы ешкімнің таласы жоқ, туымды берейін, — деп Жәнібекке қолындағы туын берген екен. (осы туды Жәнібектің үшінші немересі Зарыққан сақтап келген).

Бұл аңыз елге тарап, ханды жаудан құтқарып кеткен көк дөненді домбырашылар күй етіп, «Жәнібектің көк дөнени» деп шерткен. Осы күй шертілсе болғаны, ел әруақты батыр Жәнібектің ерліктерін еске алады.

КӨК ДӨНЕН

Жүрдек

Халық күйі

♩ = 128

The musical score is written on a single staff in 4/4 time. It consists of 22 measures. The notation includes eighth and sixteenth notes, often beamed together. Above the notes are various fingerings (1, 2, 4) and breath marks (V). Below the staff, there are numerous 'б' (b) marks, likely indicating breath or articulation points. The score is divided into systems: measures 1-4, 5-8, 9-13, 14-18, 19-21, and 22.

Measures 1-4: 1 1 2 4 1 2 1 1 1 4 1 4

Measures 5-8: 4 1 4 1 1 4 0 4 0 4 0 4

Measures 9-13: 2 4 2 4 2 4 2 4 0 4 0 4 2 4 2 4 2 4 2 4 2 4 2 4

Measures 14-18: 4 2 1 2 4 2 4 1 1 4 1 4 4 1 4 1 1 1 V V V V V V V V V V

Measures 19-21: 1 1 2 4 1 2 1 1 1 4 1 4 4 1 4 1 1

Measure 22: 1 1 2 4 1 2 1 1 1 4 1 4 4 1 4 1 1

Сандық нұсқасы.

ΚΘΚ ΔΘΗΕΗ

ХАЛЫҚ КҮЙІ

2-сабақ. Халық күйі «Жастар биі»

Жастар биі

Желдірте

♩ = 100

Халық күйі

The musical score is written on a single staff in 2/4 time. It consists of 32 measures, divided into four systems of eight measures each. The notation includes various rhythmic values (quarter, eighth, and sixteenth notes) and rests. Fingerings are indicated by numbers 1-4 above the notes. Breath marks (V) are placed above specific notes. The score begins with a key signature of one sharp (F#) and a common time signature of 2/4. The piece concludes with a double bar line and repeat dots.

Measures 1-8: Initial rhythmic pattern with fingerings 1, 2, 3, 4 and breath marks.

Measures 9-16: Continuation of the pattern with more complex fingerings and breath marks.

Measures 17-24: Further development of the melody with varied rhythmic structures.

Measures 25-32: Final section of the piece, ending with a double bar line and repeat dots.

Сандық нота нұсқасы:

Жастар биі

ХАЛЫҚ КҮЙІ

Handwritten musical notation for "Жастар биі" (Youth Dance) in 2/4 time, featuring a key signature of one sharp (F#) and a common time signature of 2/4. The notation is written on a single staff with a treble clef and a key signature of one sharp (F#). The notation includes various musical symbols such as notes, rests, and bar lines, along with a series of numbers (0, 5, 6, 7, 9, 10, 12) indicating fingerings or specific notes. The notation is organized into measures, with some measures containing multiple notes and others containing rests. The notation is written in a style that is common in handwritten musical scores, with a focus on clarity and readability.

Handwritten musical notation for "Жастар биі" (Youth Dance) in 2/4 time, featuring a key signature of one sharp (F#) and a common time signature of 2/4. The notation is written on a single staff with a treble clef and a key signature of one sharp (F#). The notation includes various musical symbols such as notes, rests, and bar lines, along with a series of numbers (0, 5, 6, 7, 9, 10, 12) indicating fingerings or specific notes. The notation is organized into measures, with some measures containing multiple notes and others containing rests. The notation is written in a style that is common in handwritten musical scores, with a focus on clarity and readability.

3- сабақ. Халық күйі «Тепең көк»

«Тепеңкөк» күйінің аңызы.
(I нұсқа)

Тепеңкөк әу баста бір байдың қойға салған шабан аты екен. Мың салса бір баспайтын шабандығына бола Тепеңкөк атанса керек.

Күндердің бір күнінде тақымында жүрген Тепеңкөкке жұрттан асқан бір сыншының көзі түседі. Сыншы Тепеңкөктің алды-артына шығып, сұқтана қарап тұрып: «Апыр-ай, осы заманның жылқысы азды ма деп жүрсем, жоқ, менің көзім тозған екен ғой. Мына жануар бүйірімді қыздырсаң, бәйгеден келем деп тұр ғой!» – дейді.

Бұл сөзді естіген қойшы: «Бәрекелді, қойға да жете алмайтын Тепеңкөкке қайдағы бәйге!» – деп күледі.

Сыншы сол бетінде ат басын байдың үйіне тірейді. Сөз арасында сыншы: «Бәйеке, қырық жылда бір туатын ерен жүйрікті қор қылып, қойға салып қойғаныңыз қалай?» – деп сұрайды байдан.

Бай бұл сөзді көңіліне алып, сыншы келеке етіп отыр-ау деген оймен: «Шын жүйріктің қырық жылда бір туатыны рас болса, сол қырық жылда ортаймайтын дәулетім бар. Менен жүйрік жылқы көргің келсе, қырық жылдан кейін кел!» – деп, қырыс қабақ танытады. Сонда сыншы: «Бәйеке, көңіліңізге алмаңыз, мен шынымды айтып отырмын. Шыққыр көзім шықпаса, қойшының астындағы Тепеңкөк алдына қара салмас жүйріктің өзі. Тек, бабын білмей жүрсіздер. Тепеңкөк бүйірі қызбай шаппайтын, арқасы қозбай арындамайтын ат. Сол үшін, бәйгеге қосарда екі қоржын басы құм теңдеп алу керек. Әрі-бері шапқан соң құлағының түбінен тер білінер. Тер білінген соң-ақ Тепеңкөктің бауыры жазылып, созыла шабуға тиіс. Сол кезде қоржын түбін өткір кездікпен тіліп жіберіп, құмын төксе, сонан соң аруағын көтере ұрандап, айқайға салып отырса, Тепеңкөк сақпанның оғындай заулар еді!» – дейді.

Сыншының айтқан сөзіне бай құлақ асып, бәйгеге қосады. Жай қоспайды, аяққаптай ала қоржынға құм теңдеп қосады. Айтқанындай, сол жолы Тепеңкөк небір желаяқ жүйріктерге шаң қаптырып, жалғыз қара болып бәйгеден келіпті. Осыдан кейін бабы табылған Тепеңкөк бәйгенің алдын бермейтін болыпты дейді.

Мына күй сол Тепеңкөктің шабысын келтірген, арасында ат үстіндегі баланың ұрандаған айқайын білдіретін күй екен.

ТЕПЕНҖӨК

Жүрдек

Халык күйі

♩ = 100



Сандық нұсқасы:

ТЕПЕНЖӨК

Халық күйі

5

4/4 2 2 0 2 2 0 2 2 0 0 | 2 2 0 2 2 0 2 2 0 0 || 7 7 10 9 9 5 7 7 7 0 | 7 7 10 9 9 5 7 7 7 0 |

0 0 0 0 0 0 0 0 0 0 | 0 0 0 0 0 0 0 0 0 0 || 7 7 7 7 7 7 7 7 7 0 | 7 7 7 7 7 7 7 7 7 0 |

7 7 10 9 9 5 7 7 9 5 | 2 2 3 3 5 5 5 7 5 3 | 2 2 2 0 | 4 2 2 0 2 2 0 2 2 0 | 2 2 0 2 2 0 2 2 2 0 |

7 7 7 7 7 7 7 7 7 7 | 0 0 3 3 5 5 5 5 5 5 | 4 0 0 0 0 | 4 0 0 0 0 0 0 0 0 0 | 0 0 0 0 0 0 0 0 0 0 ||

6 6

14 14 12 14 9 9 9 0 | 14 14 14 12 14 9 9 0 | 14 14 16 14 12 9 9 10 9 | 5 5 7 5 3 |

0 0 0 0 0 0 0 0 | 0 0 0 0 0 0 0 0 0 | 0 0 0 0 0 0 0 0 0 0 | 7 7 7 7 7 |

6 6 6 6

2 2 3 3 5 5 | 5 7 5 3 2 2 2 0 | 2 2 0 2 2 0 2 2 2 0 | 2 2 0 2 2 0 2 2 2 0 |

0 0 3 3 5 5 | 5 5 5 5 0 0 0 0 | 0 0 0 0 0 0 0 0 0 0 | 0 0 0 0 0 0 0 0 0 0 ||

6 6

4 - сабақ. Халық күйі «Кеңес»

Кеңес (2 түрі)

Желдірте

♩ = 100

Халық күйі


The musical score is written on a single staff in 2/4 time. It consists of six systems of music, each containing measures with various rhythmic patterns and fingering indications. The score is marked with a tempo of 100 beats per minute (♩ = 100). The key signature is one flat (B-flat). The score includes several measures with fingering numbers (1, 2, 4) and breath marks (V). The score is divided into six systems, with measure numbers 9, 18, 27, 35, and 40 indicating the start of new sections. The final measure of the score is a double bar line.

Сандық нота нұсқасы:



Кеңес (2 түрі)

Жүрдек

♩ = 100



Халық күйі



Қорытынды

Қорыта айтқанда ,оқушы бойындағы шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, өнерге деген ұмтылыс өшпей,күннен-күнге арта түсуі керек. Сол үшін мұғалім үнемі ізденіс үстінде болуы керек.

Осы жұмыстағы алға қойған мақсатым: Күй өнерін насихаттау арқылы оқушыға сапалы білім беру.

Күй үйрену тәсілдерінің өте ерте заманда-ақ қалыптасқанын көрсететін айғақтардың бірі, домбыра тарту шеберлігіне тән атаулардың лексикалық мағынасының болуы. Қағыстардың сан түрлі атаулары, саусақ басу тәртібі, пернелердің атаулары, күй тарту шеберлігіне қатысты атаулардың түр-түрі жиі кездеседі.

Домбыра тартуды үйрену оңай шаруа емес екенін онымен көп жылдар бойы шұғылданып келе жатқан ұстаз жақсы біледі. Бұрынғы кездегі дәстүрлі күй үйретумен қазіргі күй үйретудің арасында көптеген айырмашылық бар. Әрине, бұрынғы аталарымыздың күй үйрену тәжірибесін одан әрі жалғастыру басты міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Домбырадан сабақ беру методы. Х.Тастанов., Алматы: «Жазушы» баспасы, 1970. - 74 б.
2. Күй. Звукоряд традиционной домбры и композиционная терминология. Надирбеов Ж. Р.Экожан, 2010. - 140 с.
3. Домбыра үйрену мектебі. Л.Хамиди, Б.Ғизатов. Алматы: Өнер, 1983 . - 147 б.
4. Домбыра үйрену мектебі. А.Жайымов, С.Бүркітов, Б.Ысқақов. Алматы: Өнер, 1992. - 240 б.
5. Домбыра үйренейік. Ө.Спанов. Алматы: Әуен, 2000 – 76 б.
6. Домбыра ойнау оңайма?. Ж.Нәжімеденов. Алматы: Өнер, 2008. - 152 б.
7. Домбыраға арналған хрестоматия. Қ.Мұхитов, Қ.Досымжанов. - Өнер, 1985. - 60 б.
8. Күй қайнары. Райымбергенов А., Аманова С. Алматы: Өнер, 1990. - 288 б.
9. Музыка. 2-сынып. Ш.Құлманова, Б.Сүлейменова, Т.Тоқжанов. Алматы: Атамұра. 2017.
10. Күй керуені. .А.Есенұлы, Г.Елеусізқызы. Алматы: Өлке, 1997. - 160 б.
11. Қазақтың күй өнері. Ақселеу Сейдімбек. Астана: Күлтегін, 2002. - 831 б. Қолданылған интернет материялдары:
12. <https://www.pinterest.ie/pin/588353138798651065/>
13. <https://shygharma.info/b-jge-s-jg-likter-sajysy/>
14. <https://allart.kz/dombra-v-vektore-cdr.html>
15. kk.m.wikipedia.org
16. <http://www.otbasym.kz/public/index.php/news/kultura/2018-03-08/nauryz-prazdnik-vesny-i-izobiliya>
17. «Қазақтың Домбыра өнері». М.Әбуғазы «Нұрсәт» баспасы, Алматы. 2016 ж.